

XFTAP 14.07.09

**Б.А.Мүкүшев<sup>1</sup>, Қ.А.Сарбасова<sup>1</sup>, М.Д. Есекешова<sup>1</sup>, А.Б.Мукушев<sup>2</sup>, А.Б.Турдина<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

<sup>2</sup>АҚ «Қаржы академиясы», Нұр-Сұлтан, Қазақстан

<sup>3</sup>Қазақ технология және бизнес университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

(E-mail: mba@mail.ru)

### **Жоғары оқу орындары студенттерінің қаржылық сауаттылығын дамыту**

**Аннотация.** Мақалада экономикалық емес мамандықтар бойынша білім алатын студенттердің қаржылық сауаттылығын дамыту мәселесі және оны шешу бағыттары қарастырылған. Мемлекетіміздің нарықтық экономикаға толық бет бұруы жағдайында ел экономикасының әр саласында еңбек ететін жас маманның алдынан кездесетін әртүрлі қаржылық мәселелер мен оларды шешу үшін жоғары оқу орнында студенттерге қандай мазмұндағы қаржылық білім беру қажеттілігі айқындалған. Студенттерге қажетті қаржылық сауаттылыққа қатысты білім жүйесінің құрылымы анықталған. Қаржылық ұғымдар, анықтамалар, амалдар және құралдардың мазмұны ашылған. Қаржылық институттар мен нысандардың қаржылық іс-әрекеттеріне талдау жасалған. Қаржылық жалған амалдармен айналысатын құрылымдар туралы және олардың іс-әрекетіне талдау жасалған. Студенттердің қаржылық білім деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілген және оның нәтижелері бойынша тұжырым жасалған. Жоғары оқу орындарында білім алушылардың экономикалық-қаржылық білім деңгейі анықталған.

**Түйін сөздер:** қаржылық білім жүйесі, экономикалық ұғымдар, қаржылық амалдар, қаржылық құралдар, қаржылық пирамида, сапалы және сапасыз қаржылық қызмет.

**DOI:** <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2020-131-2-73-80>

**Түсті:** 12.02.20 / **Жарияланымға рұқсат етілді:** 15.03.20

**Кіріспе.** Әлем экономикасының жаһандануы және оның дамуының көп жағдайда болжамсыз болуы, әлемдік қаржы нарығы мен оның қызметінің күрделілігі, мемлекетіміздің экономикасының нарықтық бағытқа жан-жақты енуі қаржылық өнімдерді тұтынатын әрбір тұлғадан белгіленген деңгейде қаржылық сауаттылықтың болуын талап етеді. Тұлғаның қаржылық сауаттылығының негіздері мыналардан тұрады: қалыптасқан қаржылық-экономикалық білім жүйесі, қаржыны орынды түрде пайдалану шеберлігі, қаржы институттарының қызметі мен өнімдерін оңтайлы түрде қолдану дағдысы, сонымен қатар, жалған қаржылық нысандардың іс-әрекетін түсіне және талдай білу.

Қаржылық сауаттылықты ақпараттық, кәсіптік, техникалық, гуманитарлық, медициналық және т.б. сауаттылықтардан бөліп алып қарастыру мүмкін емес. Қаржылық сауаттылық тұлғаның жан-жақты дамуына қажетті білімдер жүйесінің бір бөлігі ғана.

**Мәселенің қойылымы.** Білім алушылардың қаржылық сауаттылығын зерттеу жұмысы қазіргі уақытта әлемнің көптеген елдерінде қанат жаюда. Аталған зерттеудің нәтижелі болуына Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) мен Бүкіл әлемдік банктің (БӘБ) ықпалы оң әсер етті.

Қаржылық қызмет көрсету (банктер жүйесі, сақтандыру компаниялары, call-орталықтар, онлайн қызмет ету және т.б.) және оған сай жаңа өнімдердің (банк терминалдары, ақшамен жұмыс жасауға арналған карталар, қаржылық мазмұндағы мобильдік қосымшалар және т.б.) пайда болуы қаржылық жаңа білім жүйесін жасауды қажет етеді. Қаржылық білім жүйесіне мыналар жатады:

- әлемдегі және еліміздегі негізгі қаржылық институттар туралы ақпараттарды және олардың жұмыс істеу принциптерін білу;

- экономикалық ұғымдарды және оның негізгі заңдарын түсіну және оларды локальді кәсіптік-қаржылық үдерістерге қолдана білу;
- қаржы құралдарын қолданып пайда табу және осы түскен қаржыны оңтайлы түрде орналастыру шеберлігі;
- нарықтық экономиканың эволюциясының негізгі шарты қаржылық тәуекелділік факторын жеткілікті түсіну;
- ғаламдық және жергілікті экономиканың дамуын тежейтін жалған қаржылық құрылымдар және олардың теріс (алаяқтық) іс-әрекетін тани білу;

Тұлғада қаржылық білімнің негіздері қалыптасу үшін мынадай амалдарды қолдану шеберліктерін меңгеруі қажет: банк шотын ашу, банкінің дебеттік және кредиттік картасын алу. Бұл құралдарды сауатты қолдана алу үшін мынадай қаржылық ұғымдарды жақсы білу керек: овердрафт, эквайринг, кэшбек, бонустар, әртүрлі амалдарға арналған комиссиялар, адалдық бағдарламасы (программа лояльности), пайдаланудың жеңілдетілген кезеңі (период льготного пользования), кредиттік лимит, кредиттік рейтинг, ағымдағы және жинақтаушы шоттар және т.б. Қаржылық сауаттылығы жеткілікті тұлға өзінің немесе белгілі бір топтың ұтымды бюджетін жасай алады. Ұтымды бюджет жасаудың негізі үнемдей білу дағдысы болып табылады. Жинақ шотын пайдалана отырып, бір айдағы жұмсалатын қаражатта күтпеген шығындардың болмауын және көлемді сатып алуды жоспарлауға болады. Жоғары кредиттік балға ие болған адам кредиттік тарихының жақсы болуына және жақсы кредиттік рейтингке жетуіне жол салады. Мұндай жағдайда ол келесі жолы банктерден төмен пайыздағы қарыз, кредиттік карталар және ипотекалық кредиттер ала алады. Төмен кредиттік рейтингтегі адамдар мұндай жеңілдікті пайдалана алмайды немесе оған банк кредит беруден бас тартады.

**Зерттелетін нысанның талқылануы.** Қаржылық сауаттылыққа қатысты негізгі ұғымдар мен анықтамалар жүйесін О.Кузина, С.Хатсон және т.б.ғалымдар зерттеді [1,2]. ЭЫДҰ-ның құжаттарында қаржылық сауаттылықтың ресми анықтамасы берілді. «Қаржылық сауаттылық - бұл жеке тұлғаның қаржылық әл-ауқатқа жетуге бағытталған қаржылық шешім жасауға мүмкіндік беретін төмендегі элементтердің жиынтығы: хабардарлық, білім, дағды, өмірлік бағдар, мінез-құлық» [3].

Қаржылық сауаттылық білім жүйесінің маңызды нысанының бірі қаржылық алаяқтық құбылыстарды тани және талдай білу. Өйткені Қазақстан Республикасы және ТМД елдері жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу үрдісінде көптеген еңбек ұжымдары және жекелеген адамдар жалған немесе сапасыз қаржылық қызметтің зардабын көрді. Одан бері 30 жыл уақыт өтсе де адамдар сапасыз қаржылық қызметтердің, қаржылық пирамидалар мен желілік маркетингтердің (MLM-жүйесі) қармағына түсіп қалып отыр. Осы жайдың өзі халықтың көп бөлігінің қаржылық сауаттылығының әлі де төмен екенін дәлелдейді.

Қаржылық пирамида нарықтық қоғамдағы кең тараған құбылыс болғандықтан аталған мәселе туралы біраз ақпар беріп кетпекпіз. Осы нысан туралы әңгіме болғанда Мавродидің МММ-і, америка олигархы Бернард Мэдофтің қаржылық аферасына байланысты сот процесі және т.б. оқиғалар еске түседі. Дегенмен, осыларға ұқсас қаржылық құрылымдардың құрығына ілінген адамдардың саны азаймай отыр. Қаржылық пирамидалардың құрылымы және іс-әрекеті әлі күнге дейін көпшілік үшін жұмбақ күйінде қалуда. Тіпті, осы уақытқа дейін экономика ғылымдарында қаржылық пирамиданы дәл сипаттайтын анықтама да жасалған жоқ. Көбінесе ол жөнінен мынадай түсініктемелерді кездестіруге болады: «бақылаусыз іске асатын инвестициялық схемалар», «орнықсыз бизнестік модель» және т.б.

Халықтың ежелден айтып жүрген «тегін ірімшік тек қақпанда ғана болады», «қолы қималдағанның ғана аузы қимылдайды» даналық сөздері, нақты айтқанда, адамдардың көп бөлігінің санасына әсер етпегені таңданарлық жайт. Осы жерде мынадай сұрақ туады: неліктен мұндай қаржылық құрылымдар пайда болады және адамдар неге олардың тұзағына

ілінеді? Мұның себебі төменгі жағдайларға тікелей байланысты.

Біріншіден, өкінішке орай, халықтың көп бөлігінің қаржылық-экономикалық сауаты сын көтермейді.

Екіншіден, ақпарат құралдарында қаржылық пирамидалар туралы айтылғанымен, олардың іс-әрекетіне талдау жасалмайды.

Үшіншіден, осы уақытқа дейін «адамдардың еңбектеніп тапқан ақшасын алдай отырып иемденетін» қаржылық мекемелердің жұмысына ғылыми тұрғыдан мақсатты түрде экономикалық және математикалық талдау жасалған жоқ.

Төртіншіден, елімізде халықтың артық ақшасы орналасатын қор нарығы әлі де болса толыққанды дамымай отыр.

Ең бастысы, қаржылық пирамидалардың іс-әрекетінен тек адамдар ғана жапа жегіп қоймайды, сонымен қатар, сол елдің экономикалық жағдайы да төмендейді. Халықтың мемлекеттегі басқа қаржылық институттарға сенімі азаяды. Адамдар артық ақшаларын банктерге салуға, әртүрлі акциялар мен бағалы қағаздар сатып алуға асықпайды. Сөйтіп кез келген елдің экономикасында үлкен рөл атқаратын инвестиция көлемі күрт азайып кетеді.

Әдетте қаржылық пирамидалар әлдебір жобаны қаржыландыру мақсатында адамдардың (инвесторлардың) қолындағы артық ақшаларды жинақтайтын коммерциялық мекеме ретінде тіркеледі. Коммерциялық мекемелерге қаржысын құйған адамдар және мекеме арасында инвестордың алатын пайдасы жөнінде келісім жасалады. Егер жобаның пайдалылығы инвесторларға уәде еткен пайдадан аз болса немесе пайда жоқ болса, жаңа инвесторлардың енгізген қаржысының бір бөлігі бастапқы инвесторларға уәде еткен пайданы қайтаруға жұмсалады. Мұндай жағдайда, белгілі бір уақыт өткен соң жоба банкрот болып жарияланады және кез келген инвесторлар қаржылық жағынан зиянға ұшырайды. Практикадан пирамида күйрегеннен кейін барлық жинақталған ақшаның тек 10–15% -ын ғана жобаға қатысушыларға қайтатынын көруге болады. Өйткені жиналған ақша тек қана жарнама мен ұйымдастырушыларға жалақы төлеуге және қаржысын басында құйған адамдардың ақшасы мен пайдасын қайтарып беруге жұмсалады.

Дегенмен, қаржы пирамидаларының қоғамдағы қаржылық қатынастарда ықпалды екенін және олардың алдамшы іс-әрекеті тоқтамай отырғанын байқай отырып, осы феноменнің бірнеше әлеуметтік-психологиялық себептерін аштық:

1. Кезкелген коммерциялық қаржылық мекеменің (банктің, микрокредиттік ұйымдардың, акция сатушылардың және т.б.) пирамидаға айналып кетпеуі оны ұйымдастырушылардың ар-ұжданының тазалығына тікелей байланысты.

2. Пирамида қармағына жеке адамдардың түсіп қалу ықтималдығы оның бойындағы қаржылық-экономикалық сауаттылыққа тікелей байланысты. Қаржылық сауаты аз адамдарда белгілі дәрежеде құмарлық (азарт) психологиясы болады. Олардың көпшілігі «бұл қаржылық үдерісте менің ғана жолым болып қалар» деп ойлайтыны құпия емес.

3. Қаржылық пирамиданы ұйымдастырушылар әдетте «басты айландыратын тәтті» сөз шеберлерінен, жасанды «оң» қасиеттері мол субъектілерден тұрады. Олар әдетте «аса мәдениетті», «ізгілік принциптерді ұстанушы», «халыққа қалтқысыз және жанкештілікпен қызмет етуші» және «тығырыққа тірелген адамдарды құтқарушы» ретінде көріне алады және осы «қасиеттері» көмегімен көпшілік адамдарды біржола өздеріне табындырып алады. Кейбіреуінде гипноздық қасиеттер де болады.

4. Пирамида иелері әрбір адамның психологиялық ерекшеліктерін дөп баса біле отырып, оның ішкі дүниесіндегі жанын қинаған мәселелерін, қаржы төңірегінде қандай қиындықтарға ұшырағанын дәл аңғарады. Олардың «жемтігінің» көпшілігін қаржылық мәселеде жолы болмаған адамдар құрайды.

Адамзат тарихында көптеген қаржылық пирамидалар болған. Сырт көзге олардың құрылымдары әртүрлі болып көрінгенімен олардың барлығының мақсаты біреу-ақ: неғұрлым адамдардың қолдарындағы ақшаны алдамшы жолдармен иемдену және нанымды түр-

де банкротқа ұшырау.

Ең бірінші қаржылық пирамида авторы Франция қаржыгері Джон Ло болып табылады. Ол 1717 жылы Миссисипи компаниясын ашып, әрқайсысының бағасы 500 ливр болатын 200000 акцияны сатуға шығарды. Оларды адамдар тек ақшаға емес мемлекеттік міндеттемелер көмегімен де сатып алуға болатыны жарияланды. Джон Ло акция ұстаушыларға үлкен дивиденд уәде етті. Сөйтіп 1 акцияның бағасы 10 - 15 мың есе өсті. Қолына аса зор көлемдегі мемлекеттік міндеттемелерді шоғырландырған компания оларды мемлекеттік банкілерге өткізіп, онда сақталынып тұрған аса көп емес құнды металдарды ала бастады. Сол кезде Франция королі жарлық шығарып банкілерге құнды металдарды компанияға мемлекеттік міндеттемеге айырбастауға тиым салды. Акция құны тез түсіп кетті де, компания банкротқа ұшырады. 100 мыңдаған адамдар Джон Лоның қаржылық аферасының құрбанына айналды, сонымен қатар, Франция экономикасы аса үлкен зардап шекті.

Халықтың қаржылық сауаттылығын көтеру мәселесін ұтымды түрде шешу мектеп және жоғары оқу орындардары жүйесіндегі экономикалық білім беру бағытын дамыту арқылы іске асады. Орта мектептер мен жоғары оқу орындарының алғашқы курстарында білім алушылар «Құқық және экономика негіздері» атты пәнді оқып үйренеді. Аталған пәндерді оқып-үйрену барысында білім алушылар еліміздің экономика және қаржы жүйелерінің нысандарының құрылымымен және олардың даму заңдылықтарымен танысады. Қазіргі уақытта мектеп оқушыларының қаржылық сауаттылығын қалыптастыру мәселесі бойынша біршама зерттеулер жүргізіліп жатыр. Оқушылардың қаржылық білім жүйесін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық білім беру кеңістігі (педагогически продуманное образовательное пространство) жасалды және оң нәтиже беруде [4-6].

Ал ЖОО студенттерінің қаржылық сауаттылығын дамытуды қалай іске асыруға болады? Бұл бағытта ғалымдар көптеген зерттеулер жүргізуде. Е. Ларсон жоғары оқу орны студенттерінің жеке қаржылырын оңтайлы түрде пайдалану деңгейлерін зерттеді [7]. Ф. Лангрехт студенттердің жеке табыстарының көздерін, тұтынушылық кредит алуын және қаржыларын инвестициялау жағдайын қарастырды [8]. Ш. Данс и Т. Хира білім алушылардың қаржылық сауаттылығының деңгейінің төмен екендігін айта отырып, осы мәселені шешуге қажетті пәнді білім алу құрылымдарына енгізудің қажеттілігін дәлелдеді [9].

Сонымен қатар, білім алушының оқу орнынан тыс ортасы (социум) – атап айтқанда, ата-анасы, таныстары және жолдастары оның қаржылық сауаттылығының дамуына үлкен әсер етеді. Дегенмен, осы бағытта жасалған зерттеулердің нәтижесінде ата-аналардың көпшілігінің балаларымен қаржыға байланысты пікір алыспайтыны белгілі болды [10].

**Зерттеу нысандары және әдістері.** Біз, алдымен, жоғары оқу орнын бітірген және экономикалық емес мамандық бойынша еңбек етіп жүрген 25 және 35 жас аралығындағы адамдардың арасында қаржылық сауатының деңгейін анықтау мақсатында сұрақ – жауаптар (опрос) жүргіздік. Осы сұрақ-жауаптар ішінен «Сіз өзіңіздің табысыңыздың бір бөлігін жинақтап отырсыз ба?» сұрағына берілген жауаптың нәтижелері бізге үлкен ой тастады. Сұрақ-жауапқа қатысқан респонденттердің 68%-ы өздерінің қаржылық кірісі мен шығыны бойынша есеп жүргізбеген; 27,2%-і кірісі мен шығынын бақылап отырған, ал 4,8%-ы кірісі мен шығынын тек қажет болғанда ғана есептеп отырған. Сонымен қатар, респонденттердің 75 %-ының жинақтаған қаржысы болмаған, 15 %-ы өзінің табысының бір бөлігін кей кездерде жинақтаған, ал 6 %-ы табысының бір бөлігін жинақтағаннан кейін ғана тұтынуға қажетті ақшаны жұмсайды. Ал респонденттердің 2,6 %-ы табысынан гөрі жасайтын шығындары көп, 1,4 % қойылған сұраққа жауап бере алмады. Сұрақ-жауап бойынша алынған статистикалық нәтижелер зерттей келе көптеген мамандардың қаржылық сауаттылығы әлі де төмен екендігіне көзіміз жетті.

ЖОО-ның экономикалық мамандықтарды таңдамаған студенттер арасында сауалнамалар жүргізілді. Осы сауалнама ішінен 5 сұрақтың нәтижесін қарастырайық:

1 сұрақ. Сіз өзіңіздің қаржылық сауаттылығыңызды көтеріп отырсыз ба? Нәтижелер: Студенттердің 14,5 %-ы «Ол үшін менің уақытым жетпейді», 45,5 %-ы «Бұл мәселеге байланысты ақпараттардың кейбірін достарым мен ата-анамнан естимін», 22%-ы «Иә, мен қаржылық сауаттылығымды үнемі көтеріп отырамын» деген жауаптар белгіледі, ал 16%-ы жауап бере алмады.

2 сұрақ. Егер сізге кенеттен ақша керек болып қалса не істейсіз? Нәтижелер: Білім алушылардың 20,4 %-ы «Банктерден кредит аламын», 61,6 %-ы «Достарымнан қарыз аламын немесе ата-анамнан аламын» 8,1 %-ы «Ақша табудың басқа жолын табамын» жауаптарын белгіледі, 8,9 %-ы жауап бере алмады.

3 сұрақ. Қаржылық жалған іс-әрекеттермен шұғылданатын құрылымдар туралы не біліесіз? Нәтижелер: Респонденттердің 41,5%-ы «Ондай қаржы құрылымдары туралы естімедім», 35,5 %-ы «Қаржылық пирамида және MLM – жүйенің іс-әрекетін жеткілікті білемін», 24%-ы «Қаржылық жалған іс-әрекеттермен шұғылданатын құрылымдардың бар екенін білемін, бірақ олардың қаржылық іс-әрекеті туралы ақпаратым жоқ» түріндегі жауапты белгіледі.

4 сұрақ. «Қаржылық сауаттылық негіздері» атты пәнді оқып үйренгіңіз келе ме? Нәтижелер: Студенттердің 8,5 %-ы «Жоқ, өйткені менің қаржылық білімім жеткілікті», 70,2%-ы «Иә, осы мәселе бойынша жүйелі білім алғым келеді», 21,3%-ы жауап бере алмады.

5 сұрақ. Төмендегі қаржылық-экономикалық ұғымдардың анықтамасын жазу керек: Дисконт, бағалы қағаздар, қаржылық актив, биржа, фьючерс.



Сурет 1. Қаржылық-экономикалық ұғымдардың қалыптасу деңгейін зерттеу нәтижелері (пайыз көрсеткішімен)

**Нәтиже және талдау.** Білім алушылар арасындағы әңгімелесу, ауызша сұрақтар қою және жоғарыдағы сауалнама нәтижелерін зерттей отырып, төмендегідей тұжырым жасауға болады:

- білім алушыларда қаржылық институттар жөнінде ақпараттар жеткіліксіз;
- респонденттер қаржылық сауаттылықтың қазіргі адамдар үшін аса маңызды екенін түсінеді;
- білім алушылар әртүрлі семинарлар, тренингтер және мастер кластардың адамдарда қаржылық білім жүйесін қалыптастырудағы рөлінің ерекше екендігін атап өтті;
- білім алушылар оқу орындарында қаржылық сауаттылықты қалыптастыратын пәндердің болуын қалайды.

**Қорытынды.** Еліміз нарықтық экономика жағдайында болғандықтан әрбір адамда қалыптасқан қаржылық сауаттылықтың болуы қажет. Бүгінгі жоғары оқу орнының студенттері белгілі деңгейде экономикалық-қаржылық білім жүйесін меңгеруі керек. Өйткені қазіргі экономиканың даму ерекшеліктерінің бірі мемлекеттің әрбір азаматының жастайынан қаржы институттарымен тығыз жұмыс жасау керектігі. Біздің зерттеуіміз жоғары мектептегі білім беру үдерісінде болашақ мамандардың қаржылық сауатын көтеру бағытында төмендегідей кешенді іс-шаралар іске асырылуы қажеттігін дәлелдеп отыр:

- белгілі бір пәнді оқыту барысында мүмкіндігінше қарастырылып отырған тақырыптың қаржылық-экономикалық жақтарын ашуға тырысу керек;

- ЖОО-ының кафедралары мен оқу орнының қаржылық-экономикалық кафедралары арасында ғылыми-әдістемелік байланыстар орнауы керек;

- Қаржылық-экономикалық кафедралар көмегімен экономикалық емес мамандықтар студенттерінің қаржылық білім жүйесін қалыптастыруға бағытталған элективті пәндер немесе арнайы курстар оқу бағдарламасына енгізілуі қажет.

Егер ЖОО-ның қабырғасында қаржылық білім жүйесі жеткілікті қалыптасқан әртүрлі сала мамандары даярланса, онда бұл мемлекетіміздің нарықтық экономикада үлкен табыстарға жетуінің негізгі шарты бола алады. Мұндай оқу орнын бітірушілер өз мамандығының міндеттерін мемлекеттің экономикалық мақсаттарымен кіріктіре отырып, табысты еңбек ете алады. Ал әрбір қоғам мүшесінің оңтайлы қаржылық шешім қабылдай алуы, өз кезегінде, мемлекетіміздің қаржылық-экономикалық тұрақтылығы мен әлеуметтік жағдайын қамтамасыз етуге оң әсер етеді.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Кузина О. Финансовая грамотность и финансовая компетентность: определение, методики измерения и результаты анализа в России // Вопросы экономики. - 2015.- № 8.- С. 129–148.
2. Huston S.J. Measuring Financial Literacy. The Journal of Consumer Affairs.- 2010.- Vol. 44. - №. 2.- P. 296–316.
3. Measuring Financial Literacy: Core Questionnaire in Measuring Financial Literacy: Questionnaire and Guidance Notes for conducting an Internationally Comparable Survey of Financial literacy, Paris, OECD, 2011, 31 p.
4. Рутковская Е.Л. Факторы формирования финансовой грамотности школьников // Отечественная и зарубежная педагогика. - 2017. - № 2 (37). Т.1. - С.44–54.
5. Абросимова Е. Финансовая грамотность: материалы для учащихся. 10–11 классы общеобразоват. орг., юридический профиль / Е. А. Абросимова. — М.: ВИТА-ПРЕСС, 2015. - 160 с.
6. Система финансовой компетентности для учащихся школьного возраста.- URL: <http://xn-80aaeza4ab6aw2b2b.xn-p1ai/upload/iblock/3b5/3b5fd21fa1b65a377d6be7a355ffa88d.pdf> (дата обращения: 3.02.20).
7. Larson E.B. A comparison of personal finance understandings of high school students. Business // Education Forum. – 1970.- Vol. 25.- P. 40–41.
8. Langrehr F.W. Consumer education: Does it change students' competencies and attitudes? // The Journal of Consumer Affairs.- 1979.- Vol. 13, №. 1.- P. 41–53.
9. Danes S.M., Hira T.K. Money Management Knowledge of College Students. Journal of Student // Financial Aid.- 1987.- Vol. 17, iss. 1.- P. 4–16.
10. Hoffman M., McKenzie K., Paris S. Paper or plastic? CPAs can educate college students on responsible credit card use // The CPA Journal.-2008.- Vol 78(9).- P. 17–20.

**Б.А.Мукушев<sup>1</sup>, К.А.Сарбасова<sup>1</sup>, М.Д.Есекешова<sup>1</sup>, А.Б.Мукушев<sup>2</sup>, А.Б.Турдина<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*Казахский агротехнический университет им.С. Сейфуллина, Нур-Султан, Казахстан*

<sup>2</sup>*АО «Финансовая академия», Нур-Султан, Казахстан*

<sup>3</sup>*Казахский университет технологии и бизнеса, Нур-Султан, Казахстан*

### **Развитие финансовой грамотности студентов высших учебных заведений**

**Аннотация.** В статье рассмотрены вопросы развития финансовой грамотности студентов, обучающихся по неэкономическим специальностям. Проанализированы финансовые проблемы, которые встают перед молодым специалистом, работающим в различных отраслях экономики страны. Определена структура системы обучения студентов финансовой грамотности в вузе. Раскрыты основополагающие понятия, определения, подходы и инструменты, раскрывающие содержание финансового образования. Проведен анализ функциональной деятельности финансовых институтов и объектов. Проанализирована деятельность финансовых структур, занимающихся мошенничеством. В целях определения уровня финансовых знаний студентов было проведено анкетирование, по результатам его были сделаны выводы. Определен уровень экономико-финансового образования обучающихся в высших учебных заведениях.

**Ключевые слова:** система финансовых знаний, экономические понятия, финансовые средства, финансовые инструменты, финансовые пирамиды, качественная и некачественная финансовая услуга.

**B. A. Mukushev<sup>1</sup>, K. A. Sarbasova<sup>1</sup>, M. D. Yesekeshova<sup>1</sup>, A. B. Mukushev<sup>2</sup>, A. B. Turdina<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*S.Seifullin Kazakh Agrotechnical University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*JSC «Financial Academy», Nur-Sultan, Kazakhstan*

<sup>3</sup>*Kazakh University of technology and business, Nur-Sultan, Kazakhstan*

### **Development of financial literacy of higher educational institution students**

**Abstract.** The article deals with the development of financial literacy of students. They are trained in non-economic specialties. Financial problems are analyzed encountered by a young specialist. The structure of the system of teaching students is determined financial literacy at the University. Basic financial concepts, definitions, approaches, and tools are disclosed. The analysis of functional activity of financial institutions and objects is carried out. The structures dealing with financial false transactions and their actions are analyzed. In order to determine the level of financial knowledge of students, a survey was conducted. According to the results of the survey, conclusions were made. The level of economic and financial education of students is determined in higher education institutions.

**Keywords:** financial knowledge System, economic concepts, financial resources, financial instruments, financial pyramids, high-quality and low-quality financial services.

### **References**

1. Kuzina O. Finansovaja gramotnost' i finansovaja kompetentnost': opredelenie, metodiki izmerenija i rezul'taty analiza v Rossii [Financial literacy and financial capability: Definitions, measurement methods, and analysis in the case of Russia], *Voprosy Ekonomiki* [Economic issues], 8, 129-148 (2015).
2. Huston S.J. Measuring Financial Literacy. *The Journal of Consumer Affairs*, 2 296-316 (2010).
3. Measuring Financial Literacy: Core Questionnaire in Measuring Financial Literacy: Questionnaire and Guidance Notes for conducting an Internationally Comparable Survey of Financial literacy, Paris, OECD, 2011, 31 p.
4. Rutkovskaya E. L. Faktory formirovaniya finansovoj gramotnosti shkol'nikov [Factors of the formation of financial literacy of schoolchildren], *Otechestvennaja i zarubezhnaja pedagogika* [Domestic and foreign pedagogy], 1, 2 (37). -p. 44-54 (2017).
5. Abrosimova E. Finansovaja gramotnost': materialy dlja uchashhihsja. 10–11 klassy obshheobrazovat. org., juridicheskiy profil' [Financial literacy: materials for students. 10-11. org., legal profile] (VITA PRESS, Moscow, 2015).

- 160 p.).

6. Sistema finansovoj kompetentnosti dlja uchashhihsja shkol'nogo vozrasta [System of financial competence for school-age students]. Available at: [http://xn-80aaeza4ab6aw2b2b.xn -- p1ai / upload / iblock/3b5/3b5fd-21fa1b65a377d6be7 a355ffa88d. pdf](http://xn-80aaeza4ab6aw2b2b.xn--p1ai/upload/iblock/3b5/3b5fd-21fa1b65a377d6be7a355ffa88d.pdf) (Accessed: 3.02.20).
7. Larson E.B. A comparison of personal finance understandings of high school students. Business, Education Forum, 25, 40-41 (1970).
8. Langrehr F.W. Consumer education: Does it change students' competencies and attitudes?, The Journal of Consumer Affairs, 1 (13), 41-53 (1979).
9. Danes S.M., Hira T.K. Money Management Knowledge of College Students. Journal of Student, Financial Aid., 1 (17), 4-16 (1987).
10. Hoffman M., McKenzie K., Paris S. Paper or plastic? CPAs can educate college students on responsible credit card use. The CPA Journal, 78(9), 17-20 (2000).

***Авторлар туралы мәлімет:***

***Мукушев Б.А.*** – педагогика ғылымдарының докторы, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің профессоры, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

***Сарбасова Қ.А.*** – педагогика ғылымдарының докторы, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің профессоры, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

***Есекешова М.Д.*** - педагогика ғылымдарының кандидаты, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің доценті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

***Мукушев А.Б.*** – PhD (экономика), «Қаржы академиясы» АҚ доценті Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

***Турдина А.Б.*** – Қазақ технология және бизнес университетінің оқытушысы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

***Mukushev B. A.***- Professor of the S.Seifullin Kazakh Agro technical University, Doctor of Pedagogical Sciences, Nur-Sultan, Kazakhstan.

***Sarbasova K.A.***- Professor of the S.Seifullin Kazakh Agro Technical University, Doctor of Pedagogical Sciences, Nur-Sultan, Kazakhstan.

***Esekeshova M. D.*** - Associate Professor of the S. Seifullin Kazakh Agro Technical University, Candidate of Pedagogical Sciences, Nur-Sultan, Kazakhstan.

***Mukushev A. B.*** - PhD (Economics), Associate Professor of Financial Academy, Nur-Sultan, Kazakhstan.

***Turdina A. B.*** - Teacher of the Kazakh University of Technology and Business, Nur-Sultan, Kazakhstan.